

ХАБАРЛАМА

Астана қаласының квазимемлекеттік ұйымдарында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау (бұдан әрі – СТІТ) жүргізудің 2023 жылға арналған кестесіне және «City Transportation Systems» ЖШС (бұдан әрі – СТС) директорының 2023 жылғы 23 мамырдағы № 03-2/64/1 бұйрығына сәйкес «City Transportation Systems» ЖШС қызметінде СТІТ жүргізіледі.

«СТС» ЖШС қызметіндегі СТІТ келесі бағыттар бойынша жүргізіледі:

- 1) Серіктестікте тексерілетін кезеңде қабылданған қолданыстағы құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 2) Ішкі құжаттарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 3) Персоналды басқарумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 4) Мүдделер қақтығысымен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 5) Мемлекеттік қызметтер көрсетумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 6) Рұқсат беру функцияларын іске асырумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 7) Бақылау функцияларын іске асырумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 8) Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтен туындайтын өзге де мәселелерді іске асырумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 9) Қаржы-шаруашылық қызметпен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 10) Жасырын мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді анықтау;
- 11) Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша қорытынды анықтама дайындау;
- 12) Ашық интернет-ресурстарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелерін жариялау;
- 13) Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелерін, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау субъектісінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі алқалы, консультативтік-кеңесші органдарының отырыстарында жария талқылау.

Жұмыс тобы өткізетін іс-шаралар:

- 1) 2023 жылғы 23 мамырда интернет-ресурста, БАҚ-та және әлеуметтік желілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің басталуын жариялау;
- 2) 2023 жылғы 30 маусымда интернет-ресурста, БАҚ-та және әлеуметтік желілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелерін жария талқылаудың басталуын жариялау;
- 3) 2023 жылғы 5 шілдеде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелерін, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау


субъектісінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі алқалы, консультативтік-кеңесші органдарының отырыстарында жария талқылау;

4) 2023 жылғы 13 шілдеде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша талдамалық анықтамаға қол қою;

5) 2023 жылғы 13-27 шілде аралығында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу;

6) 2023 жылғы 27-31 шілде аралығында Кәсіпорынның интернет-ресурсында талдамалық анықтама мен іс-шаралар жоспарын орналастыру.

**«City Transportation Systems» ЖШС
комплаенс офицері**



С. Абдуллин

2023 жылғы 23 мамыр